



ҚАУЛЫ

2020 жылғы 31 желтоқсан

Өскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ *495*

город Усть-Каменогорск

**Облыс аудандарының (қалаларының) коммуналдық меншігінен
коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін облыстық
коммуналдық меншікке қабылдау туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, кредиттеу және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 1-бабы 19-тармағының, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Абай ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Абай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 336, «Коммуналдық заңды тұлғаның мүліктік кешенін Аягөз аудандық коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Аягөз ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 315, «Алтай ауданының білім беру ұйымдарын Алтай ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншігіне беру туралы» Алтай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 484, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Бесқарағай ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке тапсыру туралы» Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 қарашадағы № 358, «Бородулиха ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін беру туралы» Бородулиха ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 377, «Глубокое ауданының коммуналдық меншігінен коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін облыстық коммуналдық

меншікке өткізу туралы» Глубокое ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № 398, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Жарма ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Жарма ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 418, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Зайсан ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Зайсан ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 653, «Катонқарағай ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке заңды тұлғалардың мүліктік коммуналдық кешендерін беру туралы» Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 327, «Көкпекті ауданының коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Көкпекті ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № 451, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Курчатов қаласының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Курчатов қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 439, «Күршім ауданының коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Күршім ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 қарашадағы № 450, «Облыстық коммуналдық меншікке Риддер қаласының коммуналдық меншігінен коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін беру туралы» Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 830, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін қаланың коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Семей қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 1944, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Тарбағатай аудандық коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № 799, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Ұлан ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Ұлан ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 377, «Үржар ауданының коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке беру туралы» Үржар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 376, «Қалалық коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін беру туралы» Өскемен қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 4627, «Коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін Шемонаиха ауданының коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншігіне беру туралы» Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 303 қаулыларының негізінде, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аудандардың (қалалардың) коммуналдық заңды тұлғаларының (бұдан әрі -

коммуналдық*занды тұлғалар) мүлктік кешендері осы қаулыға 1 - қосымшаға сәйкес облыстық коммуналдық меншікке қабылдансын.

2. Коммуналдық заңды тұлғалар осы қаулыға 2 - қосымшаға сәйкес қайта аталсын.

3. Аудандардың (қалалардың) білім бөлімдері осы қаулының 2 -қосымшасына сәйкес коммуналдық заңды тұлғалардың тиісті саласының уәкілетті органдары болып белгіленсін.

4. Білім (С.А. Жұмаділова), қаржы (Д.Е. Рахметқалиев) басқармалары, аудандар (қалалар) әкімдіктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің әлеуметтік сала мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

**Шығыс Қазақстан облысының
әкімі**



Д. Ахметов

«КЕЛІСІЛДІ»

Шығыс Қазақстан облысы
экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасының басшысы

С. Улақова

2020 жылғы «...»

«КЕЛІСІЛДІ»

Шығыс Қазақстан облысы
қаржы басқармасының басшысы

Д. Рахметқалиев

2020 жылғы «...»